

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша диссертациялық
кенестің жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

Диссертациялық кенестің төрағасы – ф.ғ.д., профессор Қалбике Өмірбайқызы Есенова Абай ат. ҚазҰПУ ректорының 2020 жылғы 01 қыркүйек № 03-05/302 бүйрекшімен бекітілген. Диссертациялық кенеске 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша диссертация қорғауға қабылдауға рұқсат берілген.

1. Откізілген отырыстың саны туралы мәліметтер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кенестің 2020 жылдың 05-наурызы мен 2020 жылдың 25-желтоқсан аралығында 5 отырысы өткізілді.

2. Диссертациялық кенес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кенес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).

Диссертациялық кенес құрамы 6 адам. Откізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кенес мүшесі болған жоқ.

3. Оқу орнынан көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Курмамбаева Жулдыз Балтабековна – Абай ат. ҚазҰПУ.
2. Ерсултанова Гаухар Тилемековна – Абай ат. ҚазҰПУ.
3. Қасымбекова Анар Талғарбековна – Абай ат. ҚазҰПУ.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кенес келесі болімдерін белгілеңдерін туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау.

4.1.1/1 Курмамбаева Жулдыз Балтабековна. Диссертация тақырыбы: «Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі».

Диссертация тақырыбының маңыздылығы. Қазіргі қазақ тілтаным ғылыминың бағыт-бағдарын сипаттайтын сан салалы теориялық зерттеулердің бір арнасы тілді лингвомәдени аспектіде зерттеуге, тілдің мәдениеттанымдық категорияларды көрсетудегі мүмкіндігі жаңаша тұжырымдар жасауға жол ашады. Осылан орай, тұрмыстық өмірдегі сан атауларының лингвомәдени мазмұнын қоршаган әлеммен, этнос болмысымен, ұлт дүниетанымымен, адамдық факторлармен сабактастырын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының басым бағыттарының бірінен саналады. Сол себепті де докторанттың зерттеу жұмысындағы сан атауларын лингвомәдениеттанымдық аспектіде сан атаулары тірек болған

лексикалық материалдар мен ұғым-түсініктер бойынша антропоцентристік бағытта зерттеу қарастыру арқылы, этнос мәдениетіндегі сан атауларының мәдени қолданысын лингвомәдени аспектіде қарастыруы тақырыптың өзектілігін көрсетіп, ғылыми сұраныстың қажеттілігін өтейді.

4.1.2 «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жасындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мазмұны ғылыми базалық аппараты, теориялық пікірлер мен тұжырымдары, жасаған қорытындылары мен тұжырымдары сандық ұғымдардың мәдени кодын ашу барысында нақты лингвистикалық талдаулармен бекітілген. Зерттеу жұмысының құрылымы, техникалық талаптармен сәйкестігі, мазмұны, тіл қолданысы (ғылыми стилі), қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, тілдегі ғылыми теорияларға негізделіп, нақты сандық ұғымдардың мәдени семантикасын тілдік деректер арқылы дәлелденген. Диссертацияда сандық ұғымдардың адам санасындағы аялық білім арқылы берілуінің тілдік мазмұны жан-жақты саралана келе, концептілік өріс түргысынан лингвистикалық талдаулары қазіргі тілтаным ғылымының даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы жоғары саналады.

4.1.3 Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Зерттеу жұмысы қазақ тіл білімінің когнитивтік лингвистика, гендерлік лингвистика, психолингвистика, этнолингвистика сияқты т.б. салаларына теориялық және практикалық тұжырымдар қоса алады. Оның практикалық мәні айқын. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындары филология факультеттерінің гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика т.б. арнайы курсарда пайдалануға болады.

4.1.1/2 Ерсултанова Гаухар Тилеукабуловна. Диссертация тақырыбы: «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға» (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде).

Диссертация тақырыбының маңыздылығы. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер тілді адамтану (антропоөзектік) үрдісімен сабактастықта қарастыру барысында қоғамдағы, тұрмыстық өмірдегі әралуан мәселелерді әркырынан зерделеуде. Әсіресе тілдік дискурс мәселесіне ерекше назар аударылып, дискурсқа түсуші тілдік тұлғаның лингвистикалық әлеуетін көрсетудегі мүмкіндігі жаңаша лингвистикалық тұжырымдарды жасауға жол ашуда. Осыған орай, қоғамдық өмірдің қозғаушы күші публицистикалық кеңістіктегі дискурстық қатынастың прагматикалық мазмұнын қоғамдық

ортамен, этнос мәдениетімен, саяси құбылыстармен, ұлт дүниетанымымен, адамдық факторлармен сабактастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының басты мәселелерінің бірінен саналады. Сол себепті де докторанттың зерттеу жұмысындағы публицистикалық дискурстың лингвопрагматикалық мәселелерге тірек болған медиа материалдар мен контенттік деректері бойынша жүргізген зерттеу жұмысы, этнос мәдениетіндегі медиа материалдардың дискурстық қолданысын лингвокогнитивтік және лингвопрагматикалық аспектіде қарастыруы тақырыптың өзектілігін көрсетіп, бүгінгі таңдағы ғылыми сұраныстың қажеттілігін өтейді.

4.1.2 «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жасындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы. Диссертацияда публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның болмысын, өзіндік ерекшелігін, тұлға мен қоғам арасындағы қатынастың лингвистикалық түзілімін көрсете келе, концептілік өріс түрғысынан жүргізген лингвистикалық талдауларға арқау болған. Докторанттың публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның мәдениетанымдық болмысын көрсетуде дискурстық және лингвокогнитивтік талдауларды ұтымды қолдана білген. Жұмыс барысындағы пайдаланылған сілтемелері накты публицистикалық материалдарды талдау жұмыстары қазіргі тілтаным ғылымының даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы жоғары саналады.

4.1.3 Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Зерттеу жұмысындағы қазақ тіл білімінің когнитивтік лингвистика, прагма лингвистика, лингвомәдениеттану, журналистика, этнолингвистика сияқты т.б. салаларына теориялық және практикалық тұжырымдар қоса алады. Оның практикалық мәні айқын. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындары филология факультеттерінің, когнитивтік лингвистика, прагма лингвистика, лингвомәдениеттану, журналистика, этнолингвистика т.б. арнайы курстарда пайдалануға болады.

4.1.1/3 Қасымбекова Анар Талгарбековна. Диссертация тақырыбы: «Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі» (қазақ және ағылшын тілдері негізінде).

Диссертация тақырыбының маңыздылығы. Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстар мен фактілерді дәстүрлі грамматика түрғысынан емес, антропоцентристік парадигма аясымен сабактастықта зерттеп-зерделеу ісі бұл күндері қалыптасқан, берік орнықкан ғылыми бағыт. Қазақ тілінің қуаты мен тамырының терендігін көрсету үшін мифологиялық шығармаларға лингвистикалық талдаулар жүргізу арқылы көрсетуге болады. Осы жағынан келгенде диссиденттің тақырыбының маңыздылығымен бүгінгі күн сұранысы және ғылыми қажеттіліктен туған проблема екендігі жұмыстың

өзектілігін көрсетеді. Аталған диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын ертегілеріндегі мысалдардың мазмұнына мейлінше қамтып, оларға мағыналық талдау жасаудың қатар, мағыналық топтастырулар жасауды мақсат еткен. Сонымен қатар жұмыста қазақ-ағылшын тілдеріндегі ертегілерді өзара салыстыра зерттеу арқылы, қазақ-ағылшын тілдеріндегі ертегілерді бірімен-бірін ұластыра зерттеуі диссертациялық жұмыстың тақырыбының маңыздылығын көрсетеді.

4.1.2 «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жасындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы. Ертегі туындыларын қазіргі таңда тіл білімінде соңғы жылдары қолға алынып жүрген жаңаша бағыттың негізінде жан-жақты зерттеу тың мәселелердің санатына жатады. Лингвомәдениеттану әр ұлттың төл мәдениетінің сол ұлттың тіліндегі көрінісін сипаттау мәселелерін зерттейтін тіл білімінің саласы болса, мәдениетаралық байланыс ғасырлар бойы бір-бірімен карым-қатынаста болған халықтар тілінің өзара ықпалының анықтауға мүмкіндік береді. Откен ғасырлардағы басқа халықтармен тілдік байланыс пен қазіргі заманғы ғылым мен мәдениетте және қоғамдық өмірдің түрлі салаларында болып жатқан өзгерістердің тілдегі көрінісін зерттеу үлкен маңызға ие және қазіргі тілтаным ғылымының даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы жоғары саналады.

4.1.3 Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибелде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Зерттеу жұмысындағы қазақ тіл білімінің когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттануэтнолингвистика сияқты т.б. салаларына теориялық және практикалық тұжырымдар қоса алады. Оның практикалық мәні айқын. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жоғары оку орындары, филология факультеттерінің когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. арнайы курсарда пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде тіл білімі мамандығы бойынша республикадағы белді мамандар тағайындалды. Рецензенттердің тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби түргыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізділігін баса көрсетіп, дәйекті өорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Корғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1. Курмамбаева Жулдыз Балтабековнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Тымболова Алтынай Оразбекқызы – ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби ат.
ҚазҰУ.

Малбақов Мырзаберген Малбақович – ф.ғ.д., профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.

2. Ерсултанова Гаухар Тилеукабуловнаның диссертациясы бойынша
рецензенттер:

Алдаш Айман Мырзалықызы – ф.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институты.

Жолшаева Майра Сатыбалдықызы – ф.ғ.д., профессор, Сулеймен
Демирель университеті.

3. Қасымбекова Анар Талғарбековнаның диссертациясы бойынша
рецензенттер:

Жаңабекова Айман Әбділдақызы – ф.ғ.д., профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – ф.ғ.д., қауымдастырылған
профессор, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісіне ғылыми кадрларды даярлау жүйесін
одан әрі жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- бітіруші кафедралар (университет бойынша және өзге де ЖОО
бойынша) докторантуралар курсын аяқтаган докторанттардың жұмыстарын
аяқтап, диссертациялық кеңес жұмысына ұсынуға ықпал жасау мәселесі
ұсыныс ретінде ескертілді.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін
алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:** 6D021300 – «Лингвистика»
мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске 2020 жыл бойынша 3 жұмыс
түсті. Аталған 3 жұмыста жоғары дәрежеде қорғап, ғылыми-педагогикалық
өндіріске жол тартты.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны		
1	Коргауға қабылданған диссертациялар	3
1.1	Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан	-
2	Қараудан алының тасталған диссертациялар	-
2.1	Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан	-
3	Рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	-
3.1	Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан	-
4	Коргау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар	-
4.1	Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

*Есенова К.Ә.
Жиренов С.А.*

«14» қантар 2021 ж.